

Х. МҰХАМЕТ

ГҮЛ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ

Ұйғырлар ежелден гүлді қадірлеп келген гүлқұмар халық. Олар тарихта аңшылықпен де, көшпенді шаруашылықпен де шұғылданып көрген. Тіршілік еткен Тәңіртау, Алтай тау бөктерлері, Орхон, Селенга дариясы бойлары, Отыкен тау баурайлары, байтақ далалар, көркем жайлаулар, әсіресе Тарым, Іле өзені аңғары, Тұрпан ойпаты көктемнен күзге дейін бітік өскен өсімдік жамылғылары, құлпырған гүл бөшешектерге оранып бейне суреттегідей түске еніп, адамды ғажайып тәтті сезімге шомылдырады. Ұйғырлар осы аңшылық, көшпенді өмірінде тіршіліктің жарқын бейнесі болған жасыл жамылғы, гүл, бәйшешектермен бірге тыныстап, бірге жасаған. Мұндай табиғи тірлік ортасы олардың психикалық санасында жасыл өңірді сүйетін, жасыл жамылғы, құлпырған гүл бәйшешекке деген әуестік сезімін туғызған. Осы психикалық сана ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, біртіндеп тұрақтанып, бүкіл ұлттың көркемдікті сүйетін дәстүрлі әдеті болып қалыптасқан.

Сондықтан да гүл, өсімдіктер шынайы өмірде адамдардың жанына жақын болып есептеледі. Ұйғырлардың ғұрып-әдет, ән-жыр сияқты фольклор қорына, басқа да мәдени болмысына назар салсақ, бұлардың тумысынан гүлмен терең байланысты болғанын, гүлдің ұйғырлардың тұрмысына терең сіңіп кеткендігін өте жақсы түсінеміз. Бір ұйғыр отбасы төрт қабырға там соғып, үй тұрғызса, әуелі үй алдынан жер ашып, гүл өсіреді. Қауе, Қапақ егіп, олар өсетін өре жасайды. Жігіттер қыздарға гүл ұсынып махаббат ынтызарлығын білдірсе, қыздар қол орамал, темекі қалталарына гүл кестелеп, жігітке қайтарып беріп, мақұлдығын білдіреді. Жетпіс жастағы әжей атызға барып қалса, қайтқанда жолдағы райханның көк жапырағын жұлып, құлағына қыстырып алады, қарттары доппасына гүл кестелеп, шекесіне қызыл гүл қыстырып та жүреді. Осыншалық дәрежеде гүлді сүю жалпы ұйғырларда толық қалыптасқан әдет деуге болады.

Мейлі Шыңжаңның қайсы бір өңіріне барайық, ұйғырлардың ауласында, отбасында гүл өсіретіндігін көруге болады. Ұйғыр қыз-келіншектері шекесіне не кеудесіне гүл тағуды жақсы көреді. Гүл оларға әсемдік бағыштайды. Балалар

мен жігіттер кеудесіне гүл тағып алып, өздерінің қуаныштарын бейнелейді. Қала, базарларда саудагерлер дүкеннің көзге түсетін жерлеріне құмырадағы гүлдерді қойып қояды. Жаймашылар арба, қада ағаштарына гүл байлап алармандарын баурайды.

Біз ұйғырлардың бүгінгі тұрмыс-тірлігіне тіпті де терең үңілсек, балалардың ұстаздарын құрметтеп гүл ұсынып жатқанын, науқастың көңілін сұрағанда, оларға ақ-тілектерін білдіріп, ал өнерпаздар өнер көрсетсе, оларға деген терең ризашылығымызды білдіріп гүл ұсынамыз. Арамыздан біреріміз табысты болып, оларға болған қолдауымызды, құрмет сезімімізді білдіріп, ұлы адамзат махаббатының символы болған гүлді сауға ретінде де ұсынып беріп жатамыз. Сондай-ақ жігіттер мен қыздардың бір-біріне гүл арнап, махаббат, сүйіспеншіліктерін бейнелейтіні, той-төркін, айт, мереке-мейрамдарда, жиналыстарда, отырыстарда құрметті қонақтарға гүл ұсынып жататынын, той жасап жатқан қыз-жігіттердің бастарына гүл қауашақтарының шашылып жатқанын көреміз.

«Тұрпан зерттеу» журналының 2003 жылғы 1-санының мұқабасына 10 ғасырдағы ұйғыр Едихұт ханының суреті берілген (безендірілген мың үй №45 үңгірдегі қабырға суреті болып, Германиялық Ликток екі ғасырдың алдында Берлинге алып кеткен) ресімнің екі жанындағы ежелгі ұйғырша арнауда «бұл қадірменді хандықтың қас батыры, данышпаны болған, Хазірет Әлидің сұңқары болған тәңірдей алып арыстан ұйғыр тегін суреті» деп жазылған. Бұл суретте алып арыстан ұйғыр тегін құлпырып ашылған гүл шоғырын ұстаған күйінде сызылған. Және сол «Тұрпан зерттеу» журналының 2004 жылғы 2-саны, мұқабаның 4-бетінде Хожа Ұйғыр хандығы дәуірі 10 ғасырға тәуелді болған «бұддаға табынушылардың суреті» берілген. Суреттегі бұддаға табынушылардың киінуі, бас киім үлгісіне қарап олардың Хожа Ұйғыр елінің үстемдік етушілер екендігін тұжырымдауға болады. Мұнда табынушылардың барлығының қолдарына гүл ұстап тұрғаны назар аудартады.

Біз X ғасырға тән болған жоғарғы екі түрлі суреттен Хожа Ұйғыр хандығы дәуірінде гүлдің

Ұйғыр мәдениетінің символы сипатында қастерленгені, ұйғырлардың әдебиет-көркемөнер туындыларында гүл ұлылықтың, өскелендіктің айнасы ретінде бейнеленіп жатқанын, ал бұддалық жәдігерліктерде гүл пәк тұнықтықтың, аман-саулықтың, жақсылықтың, бақыт-байлықтың белгісі болғанын түсіне аламыз.

Ұйғырлардың тұрмыс, ғұрып-әдеттеріне үнілсек, олардың кісі аттарының басына не аяғына гүлді қосып атайтындығынан гүлді едәуір қадір тұтатындығын, жақсы көретінін де білеміз. Құмыл, Тұрпаннан Үрімжі-Құлжаға дейін, Корладан Қашқар, Хотанға дейін қайсы бір жұртқа барсақ сол бөріде де ұйғыр әйелдерінің есімі гүлмен байланысты болып келетініне көз жеткіземіз.

Гүл құмар ұйғыр халқының гүл сүю мінездемесі ұйғыр әйелдерінің кестешілік қолөнер бұйымдарынан да жақсы байқалады.

Ұйғыр әйелдері бөрік, доппаларына, қолжаулық және бас жаулықтарының шеттеріне гүл үлгілерін шеберлікпен кестелейді. Әйелдер көйлек, кеудеше, попайкаларының жең, жаға, етектеріне түймеліктеріне әртүрлі нақыштағы гүлдерді кестелеп, оларды тіпті де әдемі етіп құлпыртып жібереді. Ұйғыр әйелдері қазірде (көбірек ауылқыстақтарда) жастық қап, жаулық, орамал, көрпе қаптарына да гүл нұсқаларын кестелеп қояды. Қала мен ауылдарда бөбектердің іш киімдері, байпақтарына дейін кестеленгенін көруге болады.

Мың жылдардан бері кілемдер, текемет, киіздерге әртүрлі үлгідегі гүл нұсқаларын түсіретіні бәрімізге анық. Шебер қолөнершілер, үй әшекейлеу, құрылыс жобалау, есік-терезе, шкап, сандық қатарлы үй жиһаздарына дейін әдемі гүл нұсқаларын бастыру ұйғыр халқының ұзақ тарихи кезеңдерді басып өтіп бүгінге жеткен өнері деуге болады. Сондай-ақ бұл ұйғырлардың гүлдің сұлулық бағыштайтын қасиетін терең сезініп, қадірлеп келгендігін бөле қарауға болмайды.

1777 жылы жасалған Імін уаң мұнарасы кірпіштерді геометриялық үлгімен қиюластырып тізу арқылы он алты түрлі гүл нақышы өрнектеліп салынған. Бұл мұнара қазірде ел іші және шетелден келген саяхатшыларды өзіне баурап отыр. Ұйғырларды жемек-ішпектеріне назар аударсақ, олардың негізгі азық-түлігі болған нан-тоқаштарға да әдемі гүл өрнектерін салып пісіретіндігін көреміз. Олар пісірген тоқаштары мен балкүлшелеріне де сондай ерекшелікке ие. Ұйғырлардың нан-тоқашына және балкүлшелеріне гүл салып пісіру тарихы әріден басталады. Зерттеуші Уаң бинхуа «Тұрпан зерттеу» журналының 2003 жыл-

ғы 1-номеріне басылған «Тұрпанның ежелгі ішпек-жемек мәдениеті жөнінде ізденіс» деген мақалада «Астана зираттық жер ауданы он квадрат километрге жетеді, Жин, Таң дәуіріндегі (3–9 ғғ.) ежелгі зираттық ретті тізілген болып...көмілген бұйымдардың түрі де аз емес. 1973 жылы қаз қалпында сақталған нан табасы қазып алынды, үстіне гүл өрнектелген... көрінісі ерекше көркем, әртүрлі формадағы балкүлше, пранктерге, алуан үлгідегі гүл нұсқаларын басып, отқа қызыдырып пісірген» деп жазады. Қысқасы, ұйғырлар ежелгі замандардан тартып, гүлді ерекше ұнатып келген, қазірде мұны байқауға болады. Олар тұрмыс-тіршілігінде гүлмен бірге жасаған. Гүл олардың бүкіл болмысына сіңіп кеткен. Сол себепті қоғамдық тұрмыстың көркем туындысы болған ұйғыр ән-жырлары, дастан, аңыз-ертегілерінде гүл жастықтың, көркемдіктің, шаттық пен қуаныштың бақ-дәулеттің, нағыз махаббаттың символы болып жырланған. Ағаштың тамыры, судың қайнары болғаны секілді ұйғырлардың эстетикалық көзқарасында гүл құрмет, сыйластықтың, бақыт-байлықтың, көркемдік және пәктіктіктің, адалдық пен мейірімділіктің, еркін махаббаттың белгісі болып танылып келген. Бұл көзқарас бұрын тұйықсыз немесе таяу мезгілдерден басталған жоқ, қайта неше мың жылдық ұзын тарихи дәуірлерде біртіндеп қалыптасып ұйғыр мәдениетінің бір бұтағы болып тұлғаланған.

Ұйғырлар жаңа дәуірдің алды-артында біртіндеп отырықшыланып, егіншілік, шаруашылық және саудамен айналыса бастаған тарихи дәуірлерге жеткенде гүл-шөптерді қадір тұту әдетін де жалғастырып тіпті де кемелдендірген.

Тұрпандағы астана ежелгі зираттығының саяхатшыларға ашылған 21 номерлі зираттың (жаңа эраның 3–4-ғасырларына тән) мүрде қойылған үйінің ішкі там қабырғалары әкпен ақталып, алуан түрлі гүлдер мен құстардың суреті сызылған. Демек бұл ежелгі ата-бабаларымыздың зират басына гүл тізіп қоятынын көрсетсе керек.

1889 жылы Орхон өзені жағалауындағы Хошотсайдам деген жерден табылған жаңа дәуірдің 735 жылы орнатылған «Білге қаған құлпытасы» батыс оңтүстік бетіне «білге қаған (құлпытас) бетіндегі жазуды мен Йоллығ тегін жаздым. Мұнша көп құрылыс, керемет(?)... Білге қағанның жиен ұлы Йоллығ тегін бір ай төрт күн отырып жазып шықтым. Көркемдедім, зерледім....» деп жазылған. Мұндағы «нақыш», «керемет», «көркемдедім» деген жазуды мөрмәр тасқа әдемі оюмен бірге және «Білге қаған құлпытасы» мен

құлпытасқа орнатылған зиратты өз кезінде гүлмен көмкергенін де сезінеміз.

1983 жылы қыркүйек айында Шыңжаң халық баспасы басып шығарған «Ежелгі ұйғыр жазбаларынан таңдамалылар» деген кітаптың мұқабасындағы және екінші беттеріндегі құлпытас суреттеріне қарайтын болсақ, құлпытастың астыүсті бөлімдерінің әдемі гүл нұсқаларымен өрнектеліп безендірілгенін көреміз. Сонымен бірге бұл суреттерден сол замандарда зират басына гүл өсіретінін де тұспалдай аламыз.

Тұрпан астана алтындық зираттығындағы 1778 жыл айналасында лукшүндік дәрігер және оның шәкірттері жасаған Имын уаң зираттығының сәулетті күмбезінің ішкі қабырғаларына түрлі-түсті гүл шөптердің, жемістердің сурттері сызылған. Бұдан біз зиратқа әр аптаның бейсенбі күні баратындығын, әр жылы жазда зират басына гүл шөптерді егіп қоятындығын және гүлдерді де қойып қоятындығын тұспалдай аламыз. Қысқасы, тарихтан бері тұрмыс-салт, ғұрып-әдет, ішпек-жемек, киім-кешек, әдебиет-көркемөнер және түрлі мәдени салаларда гүлді маңызды объекті еткен әрі онда гүл аса маңызды роль ойнап, гүл мәдениетін тұлғаландырған.

Археологиялық деректерден карағанда Шыңжаңда өмір сүрген ежелгі адамдардың бұдан неше мың жыл бұрын жасалған әртүрлі тұрмыстық заттарға гүл өрнектері түсірілген. Мұның ішінде солтүстік Ши патшалығы (жаңа дәуірдің 550-577 жылдар) дәуіріне тән болған, сыртына гүл өрнектеген бас киім (гүлді доппа) киіп өнер көрсетіп жатқан батыс өңір өнерпаздарының суреті салынған мыс шәугім Мия ауданынан табылған. Шығыс хан патшалығы дәуіріне тән болған әдемілеп оралған астары көк, үстіңгі жағына ақ гүл басылған әрі бір жағына ұсақ шақпақ гүл кестеленген көк бұл, сондай-ақ Астана ежелгі жұртынан табылған Таң патшалығы дәуіріне жататын бетіне ашық қызыл, боз, сары, көк, қоңыр, ақ қатарлы алты түрлі ренді жүн жіппен гүл кестеленген аяқ киім сияқты мәдени мұралар өзінің көркем, жыл дәуірінің көнелігі (әрине гүл өрнектері түсірілген дәуір одан да ары болуы мүмкін) менен батыс өңірде өмір сүрген ежелгі адамдардың ерте дәуірлерден бастап, гүлді тұрмыс-тіршілігінің барлық саласына терең сіндірумен бірге гүлдерді әдемі сызу өнерінің де недәуір жоғары дәрежеде болғанын түсіндіріп береді. Бұл ата-бабаларымыздың гүлді көркем-өнердің маңызды эстетикалық ләззат объектісі еткендігінің бейнесі болып табылады.

Жинақтап айтқанда, гүлді – гүлге өуес ұйғыр халқының көркемдікке ынтызар және оны жарату, қадірлеу барысындағы ақыл-парасат жауһарының белгісі деп білуге болады.

Аңыздарда айтылуынша, бұлбұл ежелден гүлге ғашық екен, сондықтан бұлбұл гүл қауашағының ашылуын және жұпар иісін таратқанын көруге асық екен. Бірақ ол гүлдің таң сәріде ғана ашылып үлгіретінін білмейді екен. Бұлбұл гүлдің ашылған сәтін көру мақсатында күн сайын ертелікеш гүлдің жанындағы бір ағашқа қонып алып, түн бойы кірпік айқастырмай шығады екен де дәл гүл ашылар шақта ұйықтап қалатын болыпты. Бұлбұлдың «ұйқысы қанғанша» гүл әлдеқайда ашылып болады екен. Сонымен бұлбұл ұйықтап қалғанына өкініп, қайғыға шомып, нәлет-қарғыс айтады екен. Бұлбұлдың жүректі елжірететін әсем үні содан қалған көрінеді.

Бұл аңыз расында гүлдің ғажайып баурағыштығын әйгілесек керек. Және барлық тіршілік әлемінің гүлге ынтық екендігін де бейнелейді. Шындығында да, гүл – табиғаттың сәні, тіршіліктің көркі. Көркемдіктің символы, шаттықтың қайнары, адамзат рухын серпілтетін қозғаушы күш, ұйғырлар арасында «қызыл гүл бейіштен шыққан» деген тәмсіл бар. Шынында да Ұйғырлар қызыл гүлді басқа гүлдерден артық көреді. Сондықтан оны ауақтандырып «жаннаттың ғажайыбы» деп санайды. Мысалы: ұйғырлардың тұлғалық көзқарасында жастықтың символы, жеңіс пен шаттықтың, тазалық пен бақ-берекенің символына айналған. Сондықтан ұйғыр фольклоры мен жазба әдебиетінде қызыл гүлді өзінің құлай сүйген ғашығына балайды. Ғашық жарына қосылу арманын қызыл гүлменен бейнелейді.

Осының барлығы халықтың наным-сенімімен де байланысты. Демек гүлді сүю және қастерлеу адамзат табиғатының ортақ ерекшелігі болғандықтан тарихтан бері әлемдегі әртүрлі халықтар өздерінің гүлге деген сенімін ұқсамаған тәсілдермен, жолдармен бейнелеп келді.

Ежелгі гректер қызыл гүлге ұқсас жұпар иісті гүлдерді өте қастерлеген және жақсы көрген. Олар гүлдерді Олүмпос тауындағы сұлулық құдайы Афина жаратқан деп сенеді. Осы сенім болғандығынан олар соғыстан жеңіспен оралған сарбаздарды гүлмен қарсы алады, зират және обаларды әртүрлі гүлдермен безендіреді. Қасиетті Олүмпос тауындағы құдайлардың мүсініне гүл қою салты ерекше салтанатпен өткізіледі.

Гүлге табыну әдеті гректерге ғана емес сол дәуірлерде римдіктердің арасына да терең сінген.

Байырғы рим империясы заманында гүлді сүю өскелең мұрат, тәртіп есептелген, әрі бәрінен көркем ерекше бұйымдарына айналған. Сол заманның императорлары мен жоғары лауазымдылары әдетте гүл шеңберлерге оранып жүретін болған.

Үндістандықтар өтір гүлді ерекше қадірлейді. Оны барлық гүлдердің ханшасы, алланың өз пенделеріне қылған тартуы деп біледі.

Иранда да өтір гүлді қастерлеушілер өте көп. Ондағы әр отбасынан қала алаңдарына дейін өтір гүл егіп қойған. Сол себепті бұл мемлекеттің көптеген жер су аттары гүлмен байланысты аталады.

Бұлғарияда өтір гүлі дүниеде ең хош иісті, ең қастерлі гүл есептеледі.

Жапонияда Хризантема гүлі («алтын гүлі») ең қастерлі гүл есептеледі. Сондықтан Жапонияның әскери туында сол гүлдің өрнегі түсірілген.

Ал енді парылықтар болса меруерт гүлді өте жақсы көреді. Франциялықтарда да меруерт гүлі махаббат символы болып, бірін-бірі құлай сүйген ғашықтар махаббат ынтызарлығын осы гүл арқылы білдіретін болған.

Испаниялықтарда қызыл ренді шиі гүлін махаббат символы деп біледі. Бір-бірін сүйген испан қыз-жігіттерінің жүрегі шиі гүлі арқылы байланып, түсініседі.

Ресейдегі өзара гүл ұсынысу – әдетті жағдай. Той-томалақ, мереке-мейрам, мәжіліс-жиналыстарға және қонағасыларға дейін гүл алып бару мәдени әдетке айналған. Дүниедегі басқа елдер сияқты гүлді ерлер әйелдерге ұсынады.

Жалпы мұндай құбылыстарды дүниедегі көптеген халықтардың мәдениетінен көруге болады.

Әрине жоғарыдағылардан басқа да ұйғырлардың түрлі мәдени дәуірлерде жарыққа шыққан және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан ертегі, аңыздарындағы хан, патшалар тұрған қала бақшаларында «алуан түрлі гүлдер шешек атқан, бұлбұлдар гүлге қарап сайраған» деп жырлануы тегін емес. «Гүл әдемі болса, көбелек қонады» деген сияқты толып жатқан халық мақал-мәтелдерінде көптеген факт пен нақты деректер табылады. Гүлдің көптеген ерекшелігін халыққа паш еткен ұйғыр әдебиетіндегі әртүрлі жанрдағы туындылардың сюжет желілерінде айрықша көрініс тапқан.

ӘДЕБИЕТ

1. Құтты білім. Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 1999. *Салима Камал*. «Құтты білімдегі» гүл туралы баяндардан гүл мәдениетімізге назар.

2. «Турпан зерттеу» журнал. 2003. №1.

3. *Мұхамед Шахнияз*. Ұйғырлардың гүл мәдениеті // Қытай ұлттары. 2003. № 1.

4. *Уаң Быңхуа*. Турпанның байырғы ішпек-жемек мәдениеті жайында ізденіс // Турпан зерттеу. 2003. №1.

5. Байырғы ұйғырлардың жазба мұраларынан таңдамалылар. Құраст. Әдіхаюм Хожа. т.б. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1989. 1-басылым.

6. *Әбдушкір Махсұт*. Гүл және менің ұлтым // Қытай ұлттары. 1993. №1.

7. *Әдікерім Рахман*. Гүл –тірліктің көпірі // Ұлттар ынтымағы. 1996. №3.

8. *Гүлзар Ошұр*. Орыстардың гүл ұсыну жосыны // Ұлттар ынтымағы. 1996. №5.